

Мақтанышым – мемлекеттік рәміздер

□ **Мақсаты:**

□ **1. Білімділік:** Оқушыларға еліміздің рәміздерінің мағынасын терең түсіне білуге мемлекеттік рәміздердің авторларының өмірбаяндарын, еңбек жолдарын үйрету.

□ **2. Дамытушылық:** Оқушылардың мемлекеттік нышандарды оқып- үйренуде өзіндік дағды қалыптастырып және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

□ **3. Тәрбиелік:** Оқушыларды Отан сүйгіштікке, адалдыққа, адамгершілікке, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

□ **Сабактың түрі:** Ауызша журнал

□ **Тәрбие сағатының әдісі:** іздену, сұрақ-жауап, әңгімелеу

□ **Көрнекілігі:** Қазақстан Республикасының рәміздері,

□ Қазақстан Республикасының рәміздері, Қазақстан Республикасының рәміздерінің авторларының суреттері.

▣ *Тәрбие сағатының барысы:*

▣ Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды түгендеу, назарларын сабаққа аудару. Құрметті оқушылар, бүгін біз Мемлекеттік Рәміздеріміз жайлы терең, жан-жақты білуге және Мемлекеттік Рәміздеріміздің авторлары жайлы, олардың өмірлері жайында, еңбек жолдарымен таныса отырып, өз білімімізді ой өрісімізді кеңейтеміз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ



□ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ –

Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. ҚР Президентінің “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы” конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Мемлекеттік ту көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек — алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. ҚР мемл. туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков. Бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Геральдика (гербтану) тілінде — көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді. Ежелгі түркі тілінде “көк” сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Түркі және әлемнің өзге де халықтарындағы көк түстің мәдени-семиотик. тарихына сүйене отырып, мемлекеттік тудың көгілдір түс Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді деп қорытуға болады. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн — уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран күс — бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран ҚР-ның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді.



Шакен Ниязбеков – Қазақстан

Мемлекеттік Туының авторы және суретші. Ол 1938 жылы 12 қазанда бұрынғы Тараз қаласында өмірге келген. Шакен Ниязбеков анасы жағынан кеңес одағының батыры Бауыржан Момушылының туысы, сонымен қатар арғы ата-бабалары Төле би болған екен. Ол 10 жасында ата-анасынан, апасынан айрылған. Мектепті бітіргеннен кейін Ленинградтағы В.И.Мухин атындағы жоғарғы сурет-өнеркәсіп училищесін бітірген Студент болып жүрген кезінен-ақ ол Эрмитаждағы, Петродворецтегі Исаакиев соборын қайта өңдеу жұмыстарына қатысқан. Ол өзінің басты ұстазы суретші Абылхан Қастеев деп есептейді.

Бауыржан Момұшылының қабыр-тасының ескерткіші және Алматы қаласының нышаны оның жоғарғы жетістіктері болып табылады.

Шакен Ниязбеков Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының авторы. 1996 жылы Қазақстан суретшілерінен, ТМД елдерінен, Туркия, Германия, Монголиядан 1200-ден астам қатысқан конкурста жеңіп шықты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ



Елтаңба — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. ҚР Президентінің “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы” конституц. заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемл. гербінің негізі — шаңырақ. Ол — гербтің жүрегі. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа күштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз гербтің тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қ. р. м. елтаңбасының авторлары — Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов.



Мәлібеков Жандарбек Мәлібекұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы, Өзбекстанның еңбегі сіңген архитекторы.

Ол 1942 жылы 24 наурызда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы, Екпінді ауылында дүниеге келген. Ол Ташкенттегі архитектуралық Политехникалық институтты бітірген. Өзбекстанның ғылыми – зерттеу институты өнеркәсібінің және қала құрылысының басты жобасының архитекторы. Жандарбек Мәлібекұлы Андижан қаласының аэровокзалының, Ферғана қаласындағы почтамптың, Самаркандта облыстық администрацияның, драма театрдың, орталық библиотеканың және Ангрена, Ферғана, Самарканд қаласындағы шағын аудандардағы үйлердің жобасын құруға белсене қатысты. Қазір Астана қаласында тұрады



Уалиханов Шота-Аман Ыдырысұлы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасының авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген архитектор, Қазақстан Республикалық Мемлекеттік сыйлығың лауреаты. Ол 1932 жылы 26 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында дүниеге келген. Ол Мәскеудегі архитектуралық институтын бітірген. Ол Қазақстан жобалау институтында қалақұрылысы бойынша Алматы қаласының бас архитекторының орынбасары болып істеген. Қазіргі уақытта Мемлекеттік тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының бастығы.

Негізгі жұмыстары: Шоқан Уалиханов, Әліби Жангельдин, Тоқаш Бокин ескерткіштерін және «Динамо» стадионның жобасын құрастырған.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының мәтіні

сөзі: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев,

әні: Шәмші Қалдаяқов

- Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!
- Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!
- Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарас қан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
- Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Жүмекен Нәжімеденов



- ▣ Қазақстан Республикасының әнұранының авторы. «Менің Қазақстаным» өлеңінің сөзін ол 21 жасында жазған екен.
- ▣ Ол 1935 жылы 28 қарашада қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданында Қошалақ жерінде өмірге келген. Ол атасы Нәжімеден Стамгазиевтің қолында өскен. Сөз өнеріне сүйіспеншілігін, Отанның тарихын және Қазақ елінің салт-дәстүрін біліп өсуге жеке адам болып қалыптасуына атасының әсері мол болған. Атасы немересіне олардың әйгілі ата-бабалары Қартпанбет жырау (алтыншы ата-бабалары) болғанын оның үлкен әпкесі Қосуан. Қосуан Махамбет Өтемісұлының шешесі болғанын айтып берген. Жүмекен Нәжімеденов Қазақстан Мемлекеттік консерваторияда оқыған. (қазіргі Құрманғазы атындағы ұлттық консерватория). Кейінірек «Жазушы» баспасында редактор болып, «Лениншіл жас» газетінің бөлім меңгерушісі, «Қазақстан» жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, Мемлекеттік баспа комитетінің редакторы, «Мектеп» баспасының меңгерушісі болып істеген. 1961 жылы Жүмекен Нәжімеденовтің ең алғашқы лирикалық «Егіс» жинағы шықты. Кейінірек төрт жылдан кейін «Жоқ, ұмытуға болмайды» атты жинағы жарық көрген. Жүмекен Нәжімеденовтың тірі кезінде барлығы оншақты өлең жинағы және үш томдық «Ақ шағыл» («Белые пески» 1973 жыл) «Кішкентай» (Маленький) (1975 жылы) «Даңқ пен уақыт» (Известность и молва) (1975 жылы) шыққан. 48 жасқа алты күн қалғанда 1983 жылы 22 қарашада қайтыс болған. Ақынның қайтыс болғаннан кейін тірі кезінде жарық көрмеген он жинақ өлеңдері, поэмалары, повестері, романдары, статьялары, аудармалары және тоғыз күй шығармалары жарық көрді. Оның шығармалары көптеген тілдерде аударылған.
- ▣ Жүмекен Нәжімеденов А. Вознесенскийдің, Е. Евтушенконың, Н. Хикметтің және А. Файзидің шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



- ▣ **1940** 1940 ж. **шілденің 6** 1940 ж. шілденің 6 Алматы облысы Алматы облысы **Қаскелең ауданы** 1940 ж. шілденің 6 Алматы облысы Қаскелең ауданы **Шамалған** ауылында дүниеге келген.
- ▣ **1967** 1967 ж. **Қарағанды металлургия комбинаты** жанындағы жоғары техникалық оқы орнын бітірді. Экономика ғылымдарының докторы.
- ▣ **Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы**ның, Халықаралық инженерлік академияның, Ресей Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құрметті профессоры. Беларус ғылым академиясының құрметті мүшесі. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.
- ▣ **1960** 1960—**69** жж. — Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.
- ▣ **1969** 1969—**73** жж. — Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.
- ▣ **1973** 1973—**77** жж. — Қарметкомбинаттың партком хатшысы.
- ▣ **1977** 1977—**79** жж. — Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-ші хатшысы.
- ▣ **1979** 1979—**84** жж. — Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.
- ▣ **1984** 1984—**89** жж. — Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.
- ▣ **1989** 1989—**91** жж. — Қазақстан КП ОК бірінші

- **1990**1990 ж. **ақпан**1990 ж. ақпан—**сәуір** аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды.
- **1990**1990 ж. **сәуір**1990 ж. сәуірінен — **Қазақ КСР президенті**.
- **1991**1991 ж. **желтоқсанның 1-інде**1991 ж. желтоқсанның 1-інде тұңғыш рет **Қазақстан Республикасы Президентінің** жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7 %) жеңіске жетті.
- **1995**1995 ж. **сәуірдің 29-ында**1995 ж. сәуірдің 29-ында жалпыхалықтық референдум нәтижесінде **Қазақстан Республикасы Президенті**1995 ж. сәуірдің 29-ында жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі **2000** ж. дейін ұзартылды.
- **1999**1999 ж. **қаңтардың 10-ында**1999 ж. қаңтардың 10-ында өткен жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78 % дауыс алып, **Қазақстан Республикасы Президенті** болып қайта сайланды.
- **2005**2005 ж. **желтоқсанның 4-інде**2005 ж. желтоқсанның 4-інде сайлаушылардың 91,5 % дауысын алып, **Қазақстан Республикасының Президенті** болып қайта сайланды.
- Кезінде Жүмекен Нәжімеденов жазған ән сөзіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің бастамасымен кейбір түзетулер енгізілді. Елбасының ұсынысы бойынша біріншіден, әнұранның мәтінінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс тапты. Екіншіден, мәтінде асыл мұрамыз – еліміздің кеңбайтақтығы, үшіншіден, жер мен ел байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына айқын жол ашатыны көрініс тапқан. Ең бастысы – тәуелсіздігіміздің алтын дінгегі – ел бірлігі



Шәмші Қалдаяқов (1930-1992)

- Шәмші Қалдаяқов-композитор, қолданыстағы Қазақстан гимнің авторы.
- Ол 1930 жылы 15 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында дүниеге келген. 1956-62 жылдары Алматы консерваториясында оқыған.
- Ш. Қалдаяқов көптеген жастар жайлы лирикалық өлеңдердің авторы. Қазіргі таңда халық арасында ерекше орындалып жүрген әндер. Мысалы; «Қара көз», «Қайықта», «Ақ сұңқарым», «Ана туралы жыр», «Сырдария сұлуы» және т.б өлеңдері. Композитордың творчествосында 3000 астам өлең бар. Сол өлеңдерін Қазақстанның белгілі әншілері Б.Төлегенова, Р. Рымбаева, Н.Нүсіпжанов т.б. орындап жүр. «Менің Қазақстаным» әні оның творчествосындағы маржаны деп есептеледі. Осы әні ең алғаш рет 2006 жылы қаңтар айында Ақордада Н. Назарбаев президенттік қызметіне кіріскенде салтанатты түрде орындалды. Алматының орталық концерт залы және бір көшесі композитордың есімімен аталады.

- Міне осындай ұлы тұлғаларымыздың ерен еңбегінің арқасында біздің Қазақстан Республикамыздың рәміздері өмірге келді.
- Бәрі: Тәуелсіздік туын биік ұстап, мемлекетіміздің рәміздерін әрқашан мақтан ете білейік!

Назарларыңызға рахмет!